

*И. Г. Песталоццидің  
білім беру туралы  
ойлары*




Орындағанлар:  
Қайсарбай М  
Мейрамжан Н  
Тойшыбай Ә

# Жоспары:

- **И.Г.Песталоццидің педагогикалық қызметі.**
- **Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері туралы.**
- **Дидактика негіздері элементарлық білім беру теориясы.**
- **Пайданылған әдебиеттер тізімі**

# Иоганн Генрих Песталоцци(1746-1827)



ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ ПЕДАГОГ-  
ДЕМОКРАТ. АЛҒАШ  
ДИДИКТИКАНЫҢ НЕГІЗІН  
ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ.

# И.Г.Песталоццидің педагогикалық қызметі.

17 жастың өзінде Песталоцци Жан-Жак Руссоның “Эмиль, немесе Тәрбие туралы” еңбегін оқып шықты. Руссоның “Қоғамдық шарт” еңбегінің жарық көруі Песталоцциге үлкен әсер етті.

1769 жылы ол өзінің әлеуметтік экспериментін бастайды. Өзінің қарызға алған қаражатына “Негоф” (Жаңа аула) деп аталатын жер сатып алады, онда шаруаларды өз шаруашылығын дұрыс ұйымдастыруға үйрету мақсатында үлгілі форма ұйымдастырғысы келді.

1774 жылы ол Нейгофте “Жарлы және панасыз балалар үшін” мекеме ашады, онда 50 тарта жетім және панасыз балаларды жинайды. Оның ойы бойынша, мекемені балалардың өздерінің тапқан қаражатына ұстау қажет болды (жазда - егіс даласында, қыста – тігін станокторында).



- 1781 жылы Песталоцци өзінің “Лингард және Гертруда” атты белгілі әлеуметтік-педагогикалық романын аяқтай, баспадан жарық көреді. Бұл роман үлкен жетістіктерге жетеді, онда автор жаңа негізде қалай шаруаларын өмірін қайта құруға болатындығын көрсеткісі келді.
- ХІХ ғ.басында Песталоццидің бірнеше еңбектері жарық көрді. “Қалай Гертруда өз балаларын үйретеді”, “Аналар үшін кітап”, “Бақылау әліппесі”, “Сан туралы көрнекі ілім”.
- Бургдорфта орта мектеп интернатымен және жаңаша мұғалім даярлайтын бөлім ашылды. Институттың бастығы болып Песталоцци тағайындалды.

# Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері туралы.

## Тәрбиенің мақсаты

- адамның табиғи қабілеттіктерін дамыту, әруақытта да оны жетілдіріп отыру.

## Дене тәрбиесінің мақсаты

- оның барлық дене күштерімен мүмкіншіліктерін дамыту және нығайту, ал дене тәрбиесінің негізі – баланы ойнауға, бәрін ұстауға,

## Тәрбиенің міндеті

- адамды жан-жақты және үйлесімді дамыту. қозғалысқа табиғи ұмтылуы.

# Дидактика негіздері элементарлық білім беру теориясы.

- **Таным** үрдісінің бастапқы сатысы **бақылау** болып табылады. Бақылаудан жаңа ұғымдарға көшу үшін кез-келген танымның үш элементін түсіну қажет, **сан, түр және сөз**. Песталоцци өзінің алдына міндет қойды – оқытудың түрлері мен әдістерін табу, оны пайдалана отырып, шаруа-ана өз балаларын оқыта білуі мүмкін.

# Белгілі бір түсініксізді анықтап алу үшін, әруақытта да алдына үш мәселе қояды:

Оның көз алдында қанша заттар?

Олар қандай түрге ие?

Олар қалай деп аталады?



# Песталоццидің педагогикалық теориясының маңызы.

- Песталоцци элементарлық білім беру теориясын жасады. Ол теория XIX-ғ. Еуропада халық мектептерінің дамуына көмектесті, ол жеке пәндердің әдістемесін талдауды бастады, олар бастауыш мектептерде кеңінен қолданылды. Бұл теория догматикалық оқыту мен механикалық есте сақтауға қарсы күресте халық мектептерінің дамуына мүмкіншілік жасады. Ол дене, еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі туралы өте құнды пікірлер ұсынды, бастауыш мектепте білім берудің мазмұнын кеңейтуге күш жұмсады, оны халыққа жақын, бұқара халықтың өмірі және қажеттіліктерімен тығыз байланысты етуге ұмтылды, балаларға еңек тәрбиесін беруге және өмірге даярлауға ерекше көңіл бөлді.

- Песталоцци алғашқы оқытудың жалпы негіздерін және бастауыш білім берудің жекеленген пәндердің әдістемелерін талдады. Көзқарасының тарихи шектеушілігіне байланысты ол оқушыларды біліммен қаруландыру және ақыл-ой күштерін дамытудың бірлігі үрдісі мәселесін дұрыс шеше алмады. Ол кей жағдайда ойлауды дамытуда механикалық жаттығулардың рөлін асыра бағалады.

# Қорытынды

- Песталоцци ұсынған оқытудың дамыта оқыту идеясы, сөз жоқ, алдыңғы қатарлы педагогикалық теория мен практиканы одан әрі дамытуда жағымды роль атқарды. Бүгінгі күнде де педагогика ғылымында дамыта оқыту идеясы күн тәртібінен түспеген, өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

# Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 1998, 2000.
- 2. Е. Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 1999.
- 3. С. Қалиев, Ш. Майғаранова, Г. Нысанбаева, А. Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.

**Назарларыңызға рахмет!!!**